

Бәсекелі ортаға берілуге тиісті мүліктердің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2007 жылғы 5 қаңтардағы N 894 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2007 жылғы 30 қаңтарда N 2439 тіркелді. Күші жойылды - ШҚ облысы әкімдігінің 2010 жылғы 21 қазандағы N 592 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ШҚ облысы әкімдігінің 2010.10.21 N 592 қаулысымен.

"Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 30 наурыздағы N 80 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы "Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпы ұлттық жоспарының 27.1-тармағын орындау үшін, "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпы ұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 - 2008 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың желілік кестесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысының 78.4-тармағына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Бәсекелі ортаға берілуге тиісті мүліктердің қоса беріліп отырған тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің орынбасары Н.Т. Уранхаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

О б л ы с ә к і м і н і ң

міндетін атқарушы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2007 жылғы 5 қаңтардағы
N 894 қаулысымен бекітілген

Бәсекелі ортаға берілуге тиісті мүліктердің тізбесі

N	МК атауы	қызмет түрлері
1	2	3

1	"Шығыс білім беруді жабдықтаушы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Өскемен қаласы	Тауарларының кең ассортиментін сатумен айналысатын агенттер
2	<*> алынып тасталды	
3	"Монша-кір жуу комбинаты" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Өскемен қаласы	Тұрғындарға коммуналдық қызметтер
4	"Спутник" кинотеатры" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны Үржар ауданы	Клуб түріндегі мәдениет мекемелердің қызметі
5	"Муниципалдық рынок" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Көкпекті ауданы	Рыноктарда бөлшектеп сату Сауда орындарын жалға беру
6	"Шемавтодор" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Шемонаиха қаласы	Жол-инженерлік құрылыстарын ұстау, жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу және көгалдандыру
7	"Көкпекті ауданының "Көп салалы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Кәсіпорынның мынадай қызметтерін бәсекелі ортаға шығару : көріктендіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу; жергілікті маңызы бар автожолдардың қызметін қамтамасыз ету
8	"Полиграфия" Катонқарағай өндірістік бірлестігі " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны Катонқарағай ауданы	Басқа да бұйымдарды полиграфиялық орындау (кітап өнімдері)
9	<*> алынып тасталды	
10	"Коммерциялық үй салу өскемен мемлекеттік компаниясы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Өскемен қаласы	Инжинирингтік қызметтер көрсету
11	"Зырян баспаханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Газеттер шығару
12	"Пульс района" аудандық газетінің редакциясы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	Газеттер шығару
13	"Рауан-Заря" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны Күршім ауданы	Газеттер шығару
	Пайдаланылмайтын объектілер	
	Бесқарағай ауданы	
1	Мостик ауылындағы "Аққайың" лагерінің бұрынғы ғимараты	
	Риддер қаласы	
2	121,9 шаршы метр бос тұрған гараждар	
3	44,6 шаршы метр бұрынғы қазандық ғимараты	
4	Бос тұрған гараждар	
5	Жатын корпустарының бұрынғы ғимараттары	
	Шемонаиха ауданы	

6	Зевакино ауылындағы бұрынғы қазандық ғимараты	
7	Көкөніс сақтау жайының бұрынғы ғимараты	

Ескерту. Тізбеден 2-ші және 9-тармақтар алып тасталды - ШҚО әкімдігінің 2007 жылғы 16 шілдедегі N 177 қаулысымен.

*ШҚО қаржы департаментінің
директоры*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК